

**«ТҰРАН»
УНИВЕРСИТЕТІ»
МЕКЕМЕСІ**



**УЧРЕЖДЕНИЕ
«УНИВЕРСИТЕТ
«ТУРАН»**

«Тұран» университеті» мекемесі
ректорының бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН
1.11.2022 ж. № 162

**«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ
ДЕМАЛЫС БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Көшірме	Код	Басылым	Өзірленді	Келісілді	
	П УТ 802–10 –22	Төртінші	Тусупова С.А., АМД директоры	Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі, академиялық қызмет жөніндегі проректор	Тусупова Л.А
				ГЗФ деканы	Ерубаета Г.К.
				ЭФ деканы	Мухамедьярова-Лев ина Т.Т.
				СБЖ, Сапа менеджменті және аккредиттеу бөлімінің басшысы	Кузнецова Г.Х.
				Заң кеңесшісі	Сабердинова А.А.

 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» университеті» мекемесі	Күні: 1.11.2022 ж.	Басылым: төртінші
	«Тұран» университеті студенттеріне академиялық демалыс беру тәртібі туралы ереже	П У Т 802-10-22	5 беттің 2

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы ішкі нормативтік құқықтық акт (бұдан әрі – Ереже) «Тұран» университеті (бұдан әрі – Университет) мекемесінің ұйымдастырушылық құжаттары құрылымына кіреді және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319–ІІІ ҚРЗ «Білім туралы» Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген тиісті типтегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.
- 1.2 Осы Ереже «Тұран» университетінде білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібін ұйымдастыру бойынша бірыңғай талаптарды белгілеу мақсатында әзірленген.
- 1.3 Академиялық демалыс – бұл «Тұран» университетінде білім алушылардың (студенттердің, магистранттар мен докторанттардың) медициналық көрсеткіштер бойынша немесе өзге де ерекше жағдайларда оқуын уақытша тоқтататын кезеңі.
- 1.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушы тұлғаға академиялық демалыс берілген жағдайда, оның мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде әрі қарай оқу құқығы сақталады, ал оқуға бөлінетін қаржыландыру академиялық демалыс кезеңінде тоқтатылады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысының 24-тармағына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде академиялық демалыста жүрген грант иегерлеріне белгіленген тәртіппен төленетін стипендия шығындарын қаржыландырудан басқа жағдайларда). Қаржыландыру академиялық демалыс аяқталғаннан кейін қайта жаңартылады.
- 1.5 Академиялық демалыс берілген жағдайда ақылы негізде білім алушының оқуына төлем академиялық демалыс кезеңінде тоқтатылады.

2 АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

- 2.1 Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы «Тұран» университетінің ректорының атына өтініш жазады және оқуын уақытша тоқтату негізділігін растайтын құжаттарды ұсынады.
- 2.2 Білім алушыға медициналық көрсеткіштер бойынша академиялық демалыс келесі құжаттар негізінде:
 - 2.2.1 ауруға байланысты 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге берілетін амбулаториялық-поликлиникалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның (бұдан әрі – ДКК) қорытындысы;
 - 2.2.2 туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы медициналық ұйым жанындағы Орталық дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ОДКК) ұзақтығы 36 айдан аспайтын қорытындысы;
- 2.3 Академиялық демалыс сондай-ақ келесі негіздер бойынша да білім алушыға берілуі мүмкін:
 - 2.3.1 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарына шақырылған жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен әскери қызметке шақыру кезеңіне шақырту қағазы негізінде;
 - 2.3.2 бала туылған, асырап алынған жағдайда, үш жасқа толғанға дейін.

 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» университеті» мекемесі	Күні: 1.11.2022 ж.	Басылым: төртінші
	«Тұран» университеті студенттеріне академиялық демалыс беру тәртібі туралы ереже	П УТ 802-10-22	5 беттің 3

- 2.4 Ұсынылған құжаттар негізінде ректор үш жұмыс күні ішінде академиялық демалыс беру туралы, оның басталу және аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, бұйрық шығарады.
- 2.5 Университет ректоры республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру гранты бойынша оқитын білім алушыға академиялық демалыс беру туралы бұйрықтың көшірмесін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті білім беру органына жолдайды, бұл тиісті сома мен қаржыландыру мерзімін түзету үшін қажет.

3 АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫСТАН ШЫҒУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

- 3.1 Академиялық демалыс аяқталғаннан кейін, білім алушы бес жұмыс күнінен кешіктірмей ректордың атына өтініш береді және егер академиялық демалыс ауруға байланысты берілген болса, медициналық ұйымнан (бақылау жүргізген мекемеден) оқуын осы білім беру бағдарламасы бойынша жалғастыруға болатыны жөніндегі дәрігерлік-консультациялық комиссия (ДКК) қорытындысы бар денсаулық жағдайы туралы анықтама ұсынады.
- 3.2 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне шақырылуына байланысты академиялық демалыста болған жағдайда, демалыс аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей білім алушы ректордың атына өтініш береді және әскери қызмет өткергені туралы белгі қойылған әскери билетті ұсынады.
- 3.3 Үш жасқа толмаған балаға күтім жасауға байланысты академиялық демалыста болған жағдайда, білім алушы баланың үш жасқа толуына бес жұмыс күнінен кешіктірмей ректордың атына өтініш береді және туу туралы куәліктің көшірмесін ұсынады. Сонымен қатар, әр оқу жылы сайын бала үш жасқа толғанға дейін академиялық демалысты белгіленген тәртіппен ұзартады.
- 3.4 Ұсынылған құжаттар негізінде факультет деканы оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылығын, оқу курсы анықтайды және Регистратор офисімен келісе отырып білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді. Оқу курсы пререквизиттерді ескере отырып, ауысу немесе қайта қалпына келу жағдайларындағыдай ережелермен анықталады.
- 3.5 Ұсынылған құжаттар негізінде ректор үш жұмыс күні ішінде білім алушыны академиялық демалыстан шығару туралы, оқу бағдарламасы мен оқу курсы көрсете отырып бұйрық шығарады.
- 3.6 Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын білім алушыны академиялық демалыстан шығару туралы бұйрықтың көшірмесін университет үш жұмыс күні ішінде республикалық бюджеттен қаржыландыруды жүзеге асыратын уәкілетті білім беру органына жолдайды. Бұл бағдарламаны қаржыландыру сомасы мен мерзімдерін нақтылау үшін қажет.
- 3.7 Егер академиялық демалысқа шығу немесе демалыстан оралу күні академиялық кезеңнің басы немесе соңы сәйкес келмесе, білім алушы жеке оқу кестесі бойынша барлық оқу тапсырмаларын орындайды, рейтингке жіберілу үшін қажетті балл жинайды және пәндер айырмашылығы туындаған жағдайда жазғы семестрге жазылады.
- 3.8 Пәндер айырмашылығын жою үшін білім алушы академиялық кезең ішінде ағымдағы оқу жүктемесімен қатар барлық оқу сабақтарына қатысады, жұмыс оқу жоспарында көзделген пәндер бойынша барлық ағымдық және аралық бақылау түрлерін тапсырады, рұқсат алады және академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестация кезеңінде қорытынды бақылауды тапсырады. Туберкулезбен

 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» университеті» мекемесі	Күні: 1.11.2022 ж.	Басылым: төртінші
	«Тұран» университеті студенттеріне академиялық демалыс беру тәртібі туралы ереже	П УТ 802-10-22	5 беттің 4

ауырып, академиялық демалыстан оралған білім алушылар оқу жоспарындағы пәндер айырмашылығын бір семестр ішінде меңгереді және оқу нысанына қарамастан тегін тапсырады.

4 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 4.1 Ережені өзектендіруді АМД директоры мен Университет декандары жүзеге асырады.
- 4.2 Ереже Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.
- 4.3 Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және жаңа Ереже қабылданғанға дейін, бірақ 5 жылдан аспайтын мерзімде қолданылады.
- 4.4 Қажет болған жағдайда Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.
- 4.5 Осы Ереже келесі жағдайларда қайта қаралып, жаңадан бекітілуі тиіс:
 - Университет атауы өзгерген жағдайда;
 - Құжатқа 3-тен астам өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда;
 - Ереже бекітілген күннен бастап 5 жыл өткен соң.

 TURAN UNIVERSITY	«Тұран» университеті» мекемесі	Күні: 1.11.2022 ж.	Басылым: төртінші
	«Тұран» университеті студенттеріне академиялық демалыс беру тәртібі туралы ереже	П УТ 802-10-22	5 беттің 5

Енгізілген өзгерістерді тіркеу парағы

Өзгерту нөмері	Парақ нөмері			Өзгерісте рді ену күні	Өзгерісте рді енгізу күні	Құжаттағ ы парақ саны	Өзгерістерді енгізуге жауаптының ТАЖ
	өзгертілг ен	жаңа	алып тасталы нған				